

**"Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 қаңтарда № 22050
болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабы
8-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №
540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №
9934 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық
қызмет көрсету ережесінде:

170 - тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"170. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 159 "Өзге де қызметтер мен
жұмыстарға ақы төлеу" ерекшелігі бойынша аванстық (алдын ала) төлемге ағымдағы
қаржы жылына арналған шарт сомасының мынадай:

ауруларды шетелде емдеуді көздейтін шығыстарды төлеу үшін 70 пайыздан;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйымдардың ауылда қызмет
көрсетуін көздейтін шығыстарды төлеу үшін 50 пайыздан;

Мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде "KazSat-2R" ғарыштық байланыс
жүйесін құру және пайдалануға беру жөніндегі шығыстарды және ұшқышсыз ғарыш
аппараттарын ұшыруға арналған жаңа буынның орта сыныпты ғарыштық мақсаттағы
зымыран базасында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру жөніндегі шығыстарды
төлеу үшін 50 пайыз;

осы тармақта көзделген шығыстардың тізбесіне енбейтін шығыстарды төлеу үшін
30 пайыздан аспайтын мөлшерде рұқсат етіледі."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті
Қазақстан Республикасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМЖ